**ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**ТАШКЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ**

БЕКІТЕМІН
_____ Ш. Шарипов

201_8_ жыл _28. 06_

КЕЛІСІЛДІ
Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі

201_8_ жыл _25. 08_

Тіркелді: ББ-5111300 -2.10
201_8_ жыл _18. 08_

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫ

пән бағдарлама

Білім саласы: 100000 – Гуманитар
Оқыту саласы: 110000 – Педагогика

Оқыту бағыты: 5111300 - Ана тілі мен әдебиеті
(Қазақ тілі және әдебиеті)

Ташкент – 201_8_

Пән бағдарламасы Жоғары және орта арнаулы, кәсіптік білім бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі қызметін Үйлестіру Кеңесінің 2018 жыл 18.08 дағы 4 – санды мәжілісінде мақұлданған.

Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің 2018 жыл 25.08 дағы 744 – санды бұйрығы негізінде мақұлданған пән бағдарламаларын тірек жоғары оқу орны тарапынан бекітуге рұқсат етілген.

Пән бағдарламасы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетінде істеп шығылды.

**Түзуші:**

Абдувалитов Е. - «Орыс әдебиеті және оны оқыту әдістемесі» кафедарсы профессоры, п. ғ. к.

**Пікір жазғандар:**

Мамбеткаримов Ғ. Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы

Башаров Қ. Ташкент обылысы, Төменгі шыршық ауданына қарасты № 40 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Пән бағдарламасы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетінің оқу-әдістемелік Кеңесінде талқыланып, ұсынылған. (2018 жыл 28.06 дағы 11 - санды мәжіліс хаттамасы).

## I. Пәннің өзектілігі және жоғары кәсіптік білім алудағы орны

«Қазақ әдебиеті тарихы» пәні көркем әдебиеттің даму процесін қоғамдық өмірдің нақты жағдайымен байланысты түрде зерттейді. Ол әр бір халықтың дамуындағы дәуірлік мәні бар көркем туындыларды рухани байлық ретінде қарастырады. Халықтың дамуындағы идеялық бағыт-бағдарларды, әдеби ағымдарды, шығармалардың көрнектілігін танытатын құндылықты, халықтың тұрмыс-тіршілігін өсу, даму өзгерістерімен байланысты таниды.Қазақ әдебиеті тарихы пәнінен студенттердің сана-сезімін арттыру, көне жазба әдеби ескерткіштерді, түркі халықтарын ертедегі әдеби мұраларын, қазақ жыраулары мен ақындарының толғаулары мен өлеңдерін оқып, мәдени мұрамыздың түпкі тамыры тереңде жатқанын білумен бірге олардың пәктік пен ақтық - ғибрат, отаншылдық сезім мен дүниеге көзқарасын өзгерту сияқты мәселелерді қарастыратын пән болғандықтан Әдебиет тарихының өзіндік орны бар.

«Қазақ әдебиеті тарихы» пәні жалпымамандық пәндер блокына енгізілген болып, 1-2-3 курста оқытылуы мақсатқа сай.

## II. Пәннің мақсаты мен міндеттері

*Пәннің мақсаты* – негізгі теориялармен қаруландыру, ғылымның өткен тарихынан, қазіргі жайынан, алдағы проблемалардан мәлімет беру.

*Пәннің міндеті* – әдебиет теориясынан басталатын кейінгі тараулар қазіргі әдебиеттің негізгі бағытын, алдағы проблемаларды айқындауға арналған. Қазақ әдебиеті тарихында ежелгі дәуір, хандық дәуір, XX ғ. басындағы әдебиет, казіргі кездегі қазақ әдебиеті деп қарастырылады.

**Бакалавр:**

- қазақ әдебиеті тарихынан алған теориялық білімдерін практика жағынан қаруландыру керек;
- казақ әдебиеті тарихы пәнін поэтикалық тұрғыдан, олардың жанрлық ерекшеліктеріне қарай талдай **алу және білу қажет.**
- қазақ әдебиеті тарихы әдебиеттану ғылымының бір саласы болып табылатын бұл пән - казақ әдебиетінің даму тарихынан, қазіргі жайынан мәлімет бере отырып **дағдыға ие болу керек.**
- қазақ әдебиеті тарихы – қазақ әдебиетінің тарихы, түрлері, тарихи жырлар, ақын-жазушылар шығармашылығындағы тәрбиелік мәнге ие туындылары студенттің сана-сезімін арттыру;
- дүниеге көзқарасын өзгерту сияқты мәселелерді қарастыратын пән болғандықтан әдебиет тарихының өзіндік орны бар екендігінен дерек бере отырып **іскерлікке ие болу керек.**

## III. Негізгі теориялық бөлім (Лекция жаттығулары)

## 1-Модул. Ежелгі дәуір әдебиеті

### 1-тақырып: Тәңірлік дәуір әдебиеті

Ежелгі түркілердің арғы ата-тегі саналатын сақтар жайлы мәлімет беру. Сақтардың қаһармандық дастандары. «Алып Ер Тоңға» мен «Шу» дастанының көркемдік ерекшеліктері.

### 2-тақырып: Ғұндардың батырлық жырлары

Ғұндар – түркі халықтарының ата-тегі. Ғұндар мәдениеті мен әдебиеті. «Оғыз-қаған» дастанының көркемдік ерекшеліктері. «Атилла» дастаны. «Көк бөрі» дастандарының көркемдік ерекшеліктері.

### 3-тақырып: Түркі жазба жәдігерліктер

VI-IX ғасырлардағы түркі әдебиет ескерткіштері. Қазақ әдебиет тарихы пәні. Ежелгі дәуір әдебиеті, оның қамтитын обьектісі және ерекшеліктері. Түркі тілді халықтарға ортақ ежелгі әдебиет (VI-XVғ.ғ.) жүйелері.

Дәуір жайлы тарихи мәлімет. Түркі қағанаты. Ежелгі түркі қағанатының Батыс және Шығыс қағанаты болып екіге бөлінуі. VIII-IX ғасырлардағы мәдениет, өнер белгілері, жазу үлгілері. Көне түркі жазба ескерткіштері. Орхон ескерткіштерінің табылуы, ашылуы және зерттелуі мен әдеби сипаты. Орхон ескерткіштері және қазақ эпосы. Орхон жырларының көркемдік ерекшеліктері.

### 4-тақырып: "Қорқыт ата кітабы".

"Қорқыт ата" кітабы. Қорқыт хикаясының тууы. XI-XII ғасырлардан жеткен қолжазба нұсқасы. Қорқыттың қазақпен көршілес, тектес халықтар арасында әр алуан әңгімеленетіндігі.

## 2-Модул. Ислам дәуірі әдебиеті.

### 5-тақырып: Әбу Наср әл-Фараби – энциклопедист.

Әбу-Насыр әл-Фараби (870-950). Әл-Фараби - ұлы ойшыл, ғұлама, әдебиетші, ақын. Әл-Фарабидің қоғамтану ғылымы, философия, медицина, музыка, әдебиет т.б өнер тарихынан алатын орны

### 6-тақырып: Махмұт Қашқари "Диуани лұғат ат-түрік"

Махмұт Қашғаридің «Диуани луғат ат-түрік» (Түркі тілдерінің сөздігі) кітабы. Сөздіктің зерттелуі және оның авторы Махмұт Қашғаридің түркі халықтары филологиясын дамытудағы ролі. Қыпшақтар кітабы («Кодекс куманикус»). Қолжазбаның түп нұсқасы. Қыпшақтар кітабының зертелуі.

### 7-тақырып: Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн "Құтадғу біліг" еңбегі

Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн – түркі халықтары тарихындағы қайтар өрлеу дәуірінің аса көрнекті ақыны, есімі күллі Шығыс елдеріне мәшһүр болған данышпан-ойшыл, атақты ғалым, белгілі қоғам және мемлекет

қайраткері. Құтты білік дастанының басты идеясы төрт принципке негізделіп жазылған.

**8-тақырып: Ахмет Йүгінекі "Хибатул хақайық" еңбегі**

Ахмет Йассауидің өмірі және «Диуани хикмет» өлеңдер жинағы. Ахмет Йассауидің дүниеге келген ортасы. «Диуани хикмет» - түркі тілді халықтардың XII ғасырдан сақталған әдеби ескерткіштерінің бірі екендігі.

Ахмет Йүгінекидің «Хибатул хақайық» дастаны. Дастанның қолжазба нұсқаларының табылуы, зерттелуі. Дастанда қамтылған мәселелер мен оның идеялық мазмұны.

**9-тақырып: Қожа Ахмет Йассауи "Диуани хикмет" шығармасы**

Қожа Ахмет Йассауи – сопылық дүниетанымының негізін қалаушы. Ахмет Йассауи шығармаларында адам бойындағы адамгершілік қасиеттердің мәртебесін арттыра түсіуді көздеп, кемелдеген адам дәрежесеіне жетуді мақсат етеді. Сүлеймен Бақырғани. Сүлеймен Бақырғани еңбектерінің Йассауиге үндестігі. Сүлеймен немесе Хакім ата – дана баба атануы. Сүлеймен Бақырғанидің жинақтары, олардың мәні.

## 3-Модул. Алтын орда дәуірі әдебиеті

**10-тақырып: XIII-XV ғасырлардағы тарихи-әлеуметтік жағдай**

XIII-XV ғ.ғ. тарихи-әлеуметтік жағдай. Моңғол шапқыншылығы. Алтын Орда дәуірінің мәдениеті мен әдебиеті. Хорезми. Мухаббат-наме».Дастанның қолжазба нұсқалары, көркем туындыда махаббаттың жырлануы.

Н.Рабғузидің «Қисса-сул анбия» атты жинағы. Әулие-әнбиелер, пайғамбарлар жайындағы қисса-хикаялар, аңыз-ертегілер жинағы екендігі.

**11-тақырып: Алтын Орда дәуіріндегі көркем туындылар**

Құтбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны. Дастанның зерттелуі. Мазмұны және кейіпкерлері. Құтб аудармасының ерекшеліктері.

Сайф Сараидің «Гулистан бит турки» («Түркі тіліндегі Гүлістан») шығармасы. Бұл Сағди Ширазидің «Гүлстан» атты шығармасының еркін аудармасы екендігі. Тарихи тақырыпқа жазалған көркем шежірелер.

**12-тақырып: Тарихи шежіре және көркемдік дәстүр**

Әбілғазы Баһадүрхан "Шежіре-и түрік". Қазақ халқының көне тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне тікелей қатысты түрлі жазба жәдігерліктер ішінен "Түрік шежіресі" ерекше орын алады. Бұл шежіре тоғыз баптан тұрады. Бұл шежіреде Адам атадан бастап, Шыңғыс ханға дейінгі және одан кейінгі дәуірлерде Орта Азия мен қыпшақ даласында, Таяу Шығыста болған сан қилы тарихи оқиғалар жүйелі түрде баяндалады.

Қадырғали Жалаири "Жами-пт тауарих". Қадырғали Жалаирдің бұл еңбегін Шыңғыс хан және оның ұрпақтары жайындағы, сондай-ақ Қазақ хандығы туралы шежіре деуге болады.

Захириддин Мұхаммед Бабыр (1483-1530). Өмірі туралы мәлімет. Бабыр – көрнекті мемлекет қайраткері, даңқты қолбасшы, лирик ақын, дарынды жазушы, ғалым, атақты тарихшы.

## 4-Модул. XV-XVII ғасырлардағы әдебиет (жыраулар поэзиясы)

### 13-тақырып: XV-XVII ғасырлардағы тарихи жағдайдың сипаты.

Алтын Орданың ыдырауы. Өзбек, Ноғай т.б. хандықтар. XIV-XV ғасырлардан бастап қазақ елінің дербестік бетінің айқындала түсуі. Алғашқы хандар. Қазақ хандығының тарихи-әлеуметтік жағдайы. Жырау және жыраулық, суырыпсалмалық дәстүр.

Асан Сәбитұлы (Асан қайғы). Асан қайғы туралы тарихи мәлімет және аңыз. Асан – халық тілегінің жақтаушысы.

Қазтуған жырау. Қазтуғанның өзіне арналған мадақ жыры. Елімен қоштасу толғауы. Қазтуғанның жорықшы, жауынгер жырау екендігі. Өлеңдерінің ерекшеліктері.

Шалкиіз (Шалгез) жырау Тіленшіұлы. Өмірінен мәлімет. Ақын мұрасының зерттелуі. Шалкиіздің арнау, толғаулары. Шығармаларындағы жауынгерлік рух, шешендік, нақыл сөздер. Шалкиіздің арнаулары.

Доспамбет жырау. Өмірінен мәлімет. Жыраудың толғаулары. Доспамбет мұрасының өзінен бұрынғы жыраулармен үндестігі, ондағы оптимизм, ерлік, рух.

Жиембет жырау. Өмірі жайында мәлімет. Ол әрі батыр, әрі жырау. Есімханмен арпалысып өткені. Жыраудың Тәуекел ханға, Есім ханға, інісі Жолымбетке айтқан толғаулары.

Марғасқа жырау. Өмірі туралы мәлімет. Марғасқаның жалынды ақын, ержүрек батыр болғандығы. Бұл қасиеттің жырау өлеңдеріндегі орны.

### 14-тақырып: Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті. Ақындар поэзиясының алғашқы кезеңі

Қазақ халқының XVIII ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдайы. Жоңғарлар мен Орта Азия хандықтарының шабуылдары. асыр аяғындағы қазақ шаруаларының қозғалыстары. Сырым Датұлы бастаған қозғалыс.

### 15-тақырып: Бұқар Қалқаманұлы өмірі және өлеңдері

Бұқар Қалқаманұлы (1668-1781). Өмірі және бізге жеткен өлеңдері. Өз дәуірінің шындығына байланысты мәселелерді көтеруі. Батырларды, Абылай ханды дәріптеген өлеңдері. Ел бірлігін, тәуелсіздік үшін ерлік күресті жақтауы. Ақтанберді Сарыұлы (1662-1752). Қазақ жұртына ертеден танымал талант иесі. Ақтанберді – суырыпсалма сөз өнерінің жетік өкілі. Көтеш Райымбекұлы (1718-1798). Өмірі мен жыраулығы жайында мәлімет. Жоңғар басқыншыларына қарсы күресті, ел қайғысын жырлаған толғаулары.

### 16-тақырып: Тәттіқара мен Үмбетей өлеңдерінің тақырыбы мен идеясы

Тәттіқара ақын (1705-1780). Өлеңдеріндегі ерлікке үндеу сарыны. Қалмаққа қарсы соғыста жауынгерлерді рухтандырған өлеңдері.

Үмбетей Тілеуұлы. Бөгенбай батырды жоқтап айтқан өлені. Ақын өлеңдерінде Бөгенбайдың қалмаққа қарсы күресте көрсеткен ерлігін, халыққа сіңірген ерлігін дәріптеуі.

**17-тақырып: Шал ақынның өмірі мен шығармашылығы**

Шал (Тілеуке) Құлекеұлы (1748-1819). Өмірі мен ақындығы тураяbы мүўsid1061382әлімет. Ақын шығармаларының идеялық мазмұны. Өсиет, сын-сықақ өлеңдері. Шалдың халық, адам өмірін жырлауы

**18-тақырып: Қобылан Бөрібайұлы, Абыл Өтембетұлы, Есет Қараұлы өмірі мен өлеңдері жайлы мәлімет.**

Қобылан Бөрібайұлы (1760-1840). Өмірі мен өлеңдері жайлы мәлімет. Заман туралы өлеңінің мәні. «Кедейлік» атты өлеңі. Кедей өмірін көрсете білуі.

Абыл Өтембетұлы (1777-1864). Өмірі, қоршаған айналасы, шығарған өлеңдері. Ерлік дәстүрді жырлауы: «Сүйінқараға», «Құлбарақ батырға» айтқан толғаулары.

Есет Қараұлы (1779-1869). Жырау туралы мәлімет. Есеттің баспа бетін көрген шығармалары.

**19-тақырып: Жанкісі ақынның өмірі мен шығармашылығы**

Жанкісі ақын (1772-1849). Ақынның өмір сүрген ортасы. Жыраудың «Қоқан ханына айтқаны» деген өлеңінің мәні. Жанкісі – ел мұңын мұңдап, халқының тәуелсіздігін көксеген ақын. Жанақ Сағындықұлы (1770-1848). Өмірі жайлы мәлімет. Жанақ - айтыс жанрының кәсіпқойы.

**5-Модул. Дәстүрлі реалистік әдебиет.**

**20-тақырып: XIX ғасырдың бірінші жартысындағы дәстүрлі реалистік әдебиеттің қалыптасуы.**

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің әлемдік озық көркемдік әдістермен, жанрлық-стильдік, шеберлік үлгілерімен үндестігіне айрықша назар аударылуы.

Ресей империясының Қазақстан жерін отарлау жұмыстарының кең өрістеуі. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей империясының отарлық езгісіне қарсы Қазақстанда болған қарулы көтерілістер: Қаратай сұлтан (1797-1814), Арынғазы сұлтан (1816-1821), Исатай-Махамбет (1836-1838) бастаған көтерілістер олардың әдебиеттегі көрінісі.

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғаслысы (1824-1847) және оның тарихи маңызы. Кенесары, Наурызбай және олардың төңірегіндегі батырлар туралы тарихи жырлар.

XIX ғасырдың II жартысында Қазақстан жеріндегі Ресей патшалығы отаршылдығының күшейе түсуі. Осы отаршылдық саясатқа және Хиуа, Қоқан хандықтарының басқыншылық соғыстарына қарсы халықтық көтерілістер: Есет батыр (1853-1859), Жанқожа батыр Нұрмұхамедұлы бастаған Сырдария бойындағы 1867, 1868, 1870 жылдары Орал, Торғай, Маңғыстау облыстары халқының көтерілістері.

**21-тақырып: Дулат Бабатайұлы өмірі мен шығармаларының зерттелуі.**

Дулат Бабатайұлы (1802-1874). Ақын өмірі туралы мәлімет. Дулат өлеңдерінің сақталып келуі және ертерек баспада жариялануы. Шығармаларының зерттелуі. Ақын өлеңдерінің табиғаты, идеялық мазмұны. Ел тәуелсіздігі үшін күрес – ақын өлеңдерінің негізгі мотиві.

Дулаттың арнау, толғау өлеңдерінде ол ұлтының рухани әлеміндегі жағымсыз мінез-құлықты сынауы. Дулат өлеңдеріндегі адамгершілік, еңбек тәрбиесі туралы ойлары.

**22-тақырып: Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармалары. Махамбет шығармаларының жариялануы мен зерттелуі**

Махамбет Өтемісұлы (1803-1846). Махамбет шығармаларының жариялануы мен зерттелуі. Махамбет - қазақ әдебиетіндегі сыншыл реалистік, романтикалық толғаудың ақыны. Ақынның жырларындағы күрескерлік, жауынгерлік, азаматтық әуендер. Ақын өлеңдерінде халық тұлғасы мен Исатай батыр бейнесінің жырлануы. Ақынның өлеңдерінің көркемдік сипаты.

**23-тақырып: Шернияз Жарылғасұлы. Суырып салма ақын.**

Шернияз Жарылғасұлы (1807-1867). Суырып салма ақын. Исатай, Махамбет бастаған халық көтерілісінің жыршысы. Ақынның толғау-термелеріндегі өмірдің қайшылықтары туралы философиялық толғаныстар, ақындық бағалаулар.

Шерниязды Махамбетпен Абылмен, Қашағанмен дидарласқадағы өлеңдері. Шерниязды шешендік өнері. Алмажан Азаматқызы.. Жасында ақын қыз аталуы. «Жетім қыз» поэмасы. Поэманың сюжеттік, идеялық мазмұны.

**24-тақырып: Шөже Қаржаубайұлы арнау өлеңдері мен толғаулары, айтыстары.**

Шөже Қаржаубайұлы (1808-1895). Арнау өлеңдері мен толғаулары,айтыстары. Шөже – кісінің мінін тауып, мысқалдауға шебер, өткір тілді, батыл ақын. Ол эпостық жырларды сүйсіне жырлады.

**25-тақырып: Шортанбай Қанайұлы**

Шортанбай Қаханайұлы (1818-1881). Шортанбай мұрасының жариялануы, зерттелуі. Шортанбай шығармаларының бағалаудағы бұрынғы сынар жақ пікірлер.

**26-тақырып: Сүйінбай Аронұлы – айтыскер ақын**

Сүйінбай Аронұлы (1822-1895). Сүйінбай мұрасының жариялануы мен зерттелуі. Толғауларының тақырыптық-идеялық мазмұны. Сүйінбайдың айтыстары - қазақтың сүре және түре айтыстарының үлгілері.

**21-тақырып: Дулат Бабатайұлы өмірі мен шығармаларының зерттелуі.**

Дулат Бабатайұлы (1802-1874). Ақын өмірі туралы мәлімет. Дулат өлеңдерінің сақталып келуі және ертерек баспада жариялануы. Шығармаларының зерттелуі. Ақын өлеңдерінің табиғаты, идеялық мазмұны. Ел тәуелсіздігі үшін күрес – ақын өлеңдерінің негізгі мотиві.

Дулаттың арнау, толғау өлеңдерінде ол ұлтының рухани әлеміндегі жағымсыз мінез-құлықты сынауы. Дулат өлеңдеріндегі адамгершілік, еңбек тәрбиесі туралы ойлары.

**22-тақырып: Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармалары. Махамбет шығармаларының жариялануы мен зерттелуі**

Махамбет Өтемісұлы (1803-1846). Махамбет шығармаларының жариялануы мен зерттелуі. Махамбет - қазақ әдебиетіндегі сыншыл реалистік, романтикалық толғаудың ақыны. Ақынның жырларындағы күрескерлік, жауынгерлік, азаматтық әуендер. Ақын өлеңдерінде халық тұлғасы мен Исатай батыр бейнесінің жырлануы. Ақынның өлеңдерінің көркемдік сипаты.

**23-тақырып: Шернияз Жарылғасұлы. Суырып салма ақын.**

Шернияз Жарылғасұлы (1807-1867). Суырып салма ақын. Исатай, Махамбет бастаған халық көтерілісінің жыршысы. Ақынның толғау-термелеріндегі өмірдің қайшылықтары туралы философиялық толғаныстар, ақындық бағалаулар.

Шерниязды Махамбетпен Абылмен, Қашағанмен дидарласқадағы өлеңдері. Шерниязды шешендік өнері. Алмажан Азаматқызы.. Жасында ақын қыз аталуы. «Жетім қыз» поэмасы. Поэманың сюжеттік, идеялық мазмұны.

**24-тақырып: Шөже Қаржаубайұлы арнау өлеңдері мен толғаулары, айтыстары.**

Шөже Қаржаубайұлы (1808-1895). Арнау өлеңдері мен толғаулары,айтыстары. Шөже – кісінің мінін тауып, мысқалдауға шебер, өткір тілді, батыл ақын. Ол эпостық жырларды сүйсіне жырлады.

**25-тақырып: Шортанбай Қанайұлы**

Шортанбай Қаханайұлы (1818-1881). Шортанбай мұрасының жариялануы, зерттелуі. Шортанбай шығармаларының бағалаудағы бұрынғы сынар жақ пікірлер.

**26-тақырып: Сүйінбай Аронұлы – айтыскер ақын**

Сүйінбай Аронұлы (1822-1895). Сүйінбай мұрасының жариялануы мен зерттелуі. Толғауларының тақырыптық-идеялық мазмұны. Сүйінбайдың айтыстары - қазақтың сүре және түре айтыстарының үлгілері.

**27-тақырып: Майлықожа Сұлтанқожаұлы арнау және толғау өлеңдері**

Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835-1898). Өмірі туралы мәлімет, Майлықожаның шығыс шайырларының шығармаларымен ертерек таныс болуы. Шығармаларының жанрлық түрлері, толғау, термелер, арнау өлеңдер, мысал, өлеңдер, айтыстар.

**28-тақырып: Базар Оңдасұлы мен Мұрат Мөңкеұлының өмірі мен шығармашылығы**

Базар Оңдасұлы (1839-1911). Өмірі туралы мәлімет. Ақынның шығармашылығының жан-жақты зерттелуі туралы. Толғау, термелеріндегі тақырыптың идеялық мазмұн сипаты.

Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906). Мұрат мұрасының жариялану, зерттелу тарихы. Мұрат – патшалық отарлау саясатының зиянды зардаптарын анық болжаған ақын. Мұрат шығармашылығының маңызы.

**29-тақырып: XIX ғасырдың сал-серілері, әнші-ақындары.**

XIX ғасырдың сал-серілері, әнші-ақындары. Біржан сал Қожағұлұлы (1834-1897). Біржан - әнші, композитор, суырып салма ақын.

Лирикалық ән-өлеңдер. Біржан шығармаларында озбырлық жасаушыларды сынауы. Айтыстары.

«Біржан мен Сара айтысы» - қазақтың халық поэзиясының классикалық үлгісі.

**30-тақырып: Ақан сері Қорамсаұлы мен Сегіз сері өмірі туралы мәлімет**

Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1913). Өмірі туралы мәлімет. Лирикалық өлеңдері.Махаббат лирикасы.Ақын өлеңдерінің тіл шеберлігі.

Сегіз сері (Мұхаммедханапия) Баһрамұлы (1818-1854). Өмірі туралы мәлімет. Лирикалық ән-өлеңдеріндегі азаматтық, романтикалық әуендер.

**31-тақырып: Сара Тастанбекқызы – айтыскер ақын**

Сара Тастанбекқызы (1878-1916) Өмірі туралы мәлімет. Әлеуметтік теңсіздік, заман зары тақырыбындағы лирикалық өлеңдері. Сараның Біржан салмен айтысы.

**32-тақырып: Әсет Найманбаев өмірі туралы мәлімет. Айтыстары.**

Әсет Найманбаев (1887-1923). Өмірі туралы мәлімет. «Ән басып, мейір қандыра қып», «Жігіттің жігіт болар бейнесінде», «Жас жігіт надандықпен алданады» өлеңдері. Айтыстары. Ақын шығармаларының көркемдік ерекшеліктері.

## 33-тақырып: Ағартушылық, демократияшыл көзқарастағы ақын-жазушылар шығармашылығының қоғамдық маңызы бар мәселелерге бет бұруы

Ағартушылық, демократияшыл көзқарастағы ақын-жазушылар шығармашылығының қоғамдық маңызы бар мәселелерге бет бұруы.

XIX ғасыр ағартушы демократтары шығармаларындағы ортақ көзқарастар және оның реалистік жаңа жазба әдебиетті дамытудағы игі ықпалы.

Шоқан (Мұхаммед-Қанапия) Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865). Өмірі туралы мәлімет. Шоқан мұрасының жариялануы. Шоқан - қазақ тарихы мен әдебиетін, фольклоры мен этнографиясын зертеуші, ағартушы ғалым. Ол публицист жазушы.

Шоқанның фольклор, әдебиет тарихы, поэзия жанрлары туралы зерттеу еңбектері.Шоқанның «Манас» эпосына тұңғыш рет тарихи-әдеби талдаулар жасауы, «Көкетай ханның өлімі және асы» деген үзіндісін орыс тіліне аударуы.

## 34-тақырып: Ы.Алтынсарин – тұңғыш педагог, жазушы

Ыбырай Алтынсарин(1841-1889). Өмірі туралы мәлімет. Ыбырай шығармаларының жариялануы, зерттелуі. Ыбырай - қазақтың кемеңгер ағартушысы, жазушы ақын және аудармашы.

Қазақ мектебіне арналған тұңғыш оқу құралдарының авторы – Ыбырай («Киргизская хрестоматия»). Оның ислам дінінің қағидаларын түсіндіретін қазақ мектебі үшін оқу құралын жазуы («Шариат-ул-ислам» - «Мұсылманшылық тұтқасы».)

Ыбырайдың халық әдебиеті мұраларын жинауы және оларды өзінің ұстаздық жұмысына пайдалануы.

## 35-тақырып: Абай – кемеңгер ақын

Абайдың алғашқы ақындық адымы. Халқының ақылшысы, ағартушысы болып қалыптасуы. Абайдың өмір сүрген қоғамдық ортасы және саяси-әлеуметтік жағдай. Абай мұрасының жиналуы, жариялануы, зерттелуі. Абайдың шығармашылық қалыптасуына ықпал еткен үш арна: қазақ халқының ауыз әдебиеті мен ғылымы, орыстың классикалық әдебиеті және Еуропаның философиялық ғылымы.

## 36-тақырып: Ақылбай Абайұлы мен Мағауия Абайұлының өмірі мен ақындық қызметі

Ақылбай Абайұлы (1861-1904). Өмірі мен ақындық қызметі. Ақылбайдың «Дағыстан», «Зұлыс» поэмалары. «Жаррах» поэмасының жоғалып кеткендігі. Романтизм әдісімен жазылған шығарма екендігі.

Мағауия Абайұлы (1870-1904). Өмірі туралы мәлімет. Көңіл-күй тақырыбындағы лирикалық өлеңдері: «Ай жарық», «Жаздың күні ат терлетіп», «Түсімде бүгін түнде көрдім духтар». Әбішке арналған өлеңдері. «Еңлік-Кебек», «Абылай» атты поэмалары (қолжазба күйінде сақталған). «Медғат-Қасым» поэмасы.

## 33-тақырып: Ағартушылық, демократияшыл көзқарастағы ақын-жазушылар шығармашылығының қоғамдық маңызы бар мәселелерге бет бұруы

Ағартушылық, демократияшыл көзқарастағы ақын-жазушылар шығармашылығының қоғамдық маңызы бар мәселелерге бет бұруы.

XIX ғасыр ағартушы демократтары шығармаларындағы ортақ көзқарастар және оның реалистік жаңа жазба әдебиетті дамытудағы игі ықпалы.

Шоқан (Мұхаммед-Қанапия) Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865). Өмірі туралы мәлімет. Шоқан мұрасының жариялануы. Шоқан - қазақ тарихы мен әдебиетін, фольклоры мен этнографиясын зертеуші, ағартушы ғалым. Ол публицист жазушы.

Шоқаннын фольклор, әдебиет тарихы, поэзия жанрлары туралы зерттеу еңбектері.Шоқаннын «Манас» эпосына тұңғыш рет тарихи-әдеби талдаулар жасауы, «Көкетай ханнын өлімі және асы» деген үзіндісін орыс тіліне аударуы.

## 34-тақырып: Ы.Алтынсарин – тұңғыш педагог, жазушы

Ыбырай Алтынсарин(1841-1889). Өмірі туралы мәлімет. Ыбырай шығармаларынын жариялануы, зерттелуі. Ыбырай - қазақтың кемеңгер ағартушысы, жазушы ақын және аудармашы.

Қазақ мектебіне арналған тұңғыш оқу құралдарынын авторы – Ыбырай («Киргизская хрестоматия»). Оның ислам дінінің қағидаларын түсіндіретін қазақ мектебі үшін оқу құралын жазуы («Шариат-ул-ислам» - «Мұсылманшылық тұтқасы».)

Ыбырайдың халық әдебиеті мұраларын жинауы және оларды өзінің ұстаздық жұмысына пайдалануы.

## 35-тақырып: Абай – кемеңгер ақын

Абайдың алғашқы ақындық адымы. Халқынын ақылшысы, ағартушысы болып қалыптасуы. Абайдың өмір сүрген қоғамдық ортасы және саяси-әлеуметтік жағдай. Абай мұрасынын жиналуы, жариялануы, зерттелуі. Абайдың шығармашылық қалыптасуына ықпал еткен үш арна: қазақ халқынын ауыз әдебиеті мен ғылымы, орыстың классикалық әдебиеті және Еуропанын философиялық ғылымы.

## 36-тақырып: Ақылбай Абайұлы мен Мағауия Абайұлынын өмірі мен ақындық қызметі

Ақылбай Абайұлы (1861-1904). Өмірі мен ақындық қызметі. Ақылбайдын «Дағыстан», «Зұлыс» поэмалары. «Жаррах» поэмасынын жоғалып кеткендігі. Романтизм әдісімен жазылған шығарма екендігі.

Мағауия Абайұлы (1870-1904). Өмірі туралы мәлімет. Көңіл-күй тақырыбындағы лирикалық өлеңдері: «Ай жарық», «Жаздын күні ат терлетіп», «Түсімде бүгін түнде көрдім духтар». Әбішке арналған өлеңдері. «Еңлік-Кебек», «Абылай» атты поэмалары (қолжазба күйінде сақталған). «Медғат-Қасым» поэмасы.

«Диканбай», «Мойын-Серік» сияқты өлеңдерінде ұйымдасып, серіктесіп еңбек етуін суреттеуі.

Қасым Аманжолов (1911-1955). Өмірінен мәлімет. Түнғыш өлеңдер жинағы «Өмір сыры» (1938) деген атпен шығуы. Қасымның Абай поэзиясынан үйренуі. Отан соғысы дәуірі - Қасым Аманжоловтың поэзиясының өскен жылдары екендігі.

Жұмағали Саин (1912- 1961). Ж.Саиннің түңғыш өлеңдер жинағы 1936 жылы шыққандығы. 1988 жыл «Алтын таң» атты кітабының жарық көруі. «Досыма хат» (1939), «Күләнда» (1940) атты поэмалары. Отан соғысы кезінде партизандар отрядын құрушылардың бірі болуы.

**64-тақырып: 1950-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті.**

Әдеби дамудың басты бағыты. Лирикалық прозаның өріс алуы. Әдеби дамудың әдебиетте реализмнің тереңдеуі. Өткен тарихтың қайғылы беттеріне үңілген шығарманың Ш.Мұртаза «Бесеудің хаты», Саттар Ерубаев «Ақбоз үй» т.б. әшкерелегіш сипаты. Әдебиетіміздегі тарихи тақырып. Әбділда Тәжібаев (1909 жылы туылған). Жазушының қазақ әдебиетінің поэзиясы және драматургия саласында қатар еңбек етуі. Өмірінен мәлімет. Ә.Кекілбаев өмірі мен шығармашылығы. Қазақ романдарының дамуындағы үлесі.

## IV. Семинар жаттығулар бойынша тапсырмалар мен ұсыныстар

1. Көне түркі жазба ескерткіштері туралы талыққанды мәлімет. Күлтегін ескерткіші - VIII ғасыр туындысы.
2. «Қорқыт ата кітабы» - түркі тектес халықтар арасында кеңінен мәлімет екендігі. «Қорқыт ата кітабының» нұсқалары жайлы мәлімет.
3. «Оғыз-нама»-көне тайпалардың аңыз сөздері топталған шығармасы екендігі.. Текстен үзінділер келтіріп, тілінің түсініктілігін жіті меңгеру.
4. Әл-Фараби-әдебиетші.
5. «Құтадғу білік»-даналық дастан. Өмірі. Дастанның зеттеулері. Әділет пен ақыл, ақынды қарапайым адам басқарған шежіресі іспетті.
6. Йассауи хикметтері туралы. Зерттеулер. Йассауи өлеңдері сопылық сеніміне лайық мистикаға толы екендігі.
7. Ахмет Йүгнәки «Хибат-ул Хақайық» кітабында адамгершілік, әділеттік, білімділік, ақыл-парасаттылық туралы пікір қорғауы, зеттеулер.
8. XV-XVIII ғасырлардағы әдебиет (жыраулар поэзиясы). Жыраулар поэзиясы туралы түсінік.
9. Қазтуған Сүйіншіұлы - XV ғасырдың әрі батыр, әрі шешен жырауы.
10. Тіленшіұлы Шалгез жыраудың толғаулары. Жырау туралы зеттеулер.
11. Жиембет жырау. Өмір сүрген тұсы. Жырау туралы зерттеулер. Толғаулары. ақындық таланты.
12. Би-шешендер өнерінің дамуы (Төле Әлібекұлы, Қазыбек Келдібекұлы, Әйтеке Бәйбекұлы қазақ халқының әділ төбе билері).
13. Ақтанберді жырау. Өлеңдеріндегі халық тәуелсіздігін аңсау, ерлікті дәріптеуі.

*Пән бойынша курс жұмысы.* Курс жұмысын жаздырудың мақсаты: студенттерді өзбетінше істеу қабілетіні дамыту, алған теориялық білімдеріні қолдауда практикалық дағдыларды қалыптастыру, заманауи технологияларды қалыптастыру,асыл қазына, айбынды құрал - әдебиеттің сырларын терең тануға өз бетімен әдеби білімін ұштай түсуге, ғылыми еңбекпен шұғылдануға, алғашқы тәжірибе, дағды алуға, көркем құбылысты талдаудағы әдіс-тәсілдерді үйренуге баулу. Тақырып талдау: әдебиетті іздеу, іріктеу: материалды зерттеу, жүйелеу, жоспар жасау. Курс жұмысын мәнерлі, көркі тілмен жазу – басты парыз. Ой дәлелді, пікір тұжырымды, жұмыс тартымды болу үшін пайдаланылған әдебиеттерден қажетті үзінділер беріледі. студенттердің өз ойы, өзіндік қалам тартысы, төл пікірі айрықша бағаланады. Көлемі бір баспа табақтан кем болмауға тиіс. Курс жұмысының сыртқы сипатына да еркеше көңіл аударылуы қажет. Әрбір студентке жеке тапсырма беріледі.

***Курс жұмысы тақырыптары:***

1. Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы ана бейнесі
2. Қ.Аманжолов поэзиясындағы Отан бейнесі
3. Ы. Алтынсарин – талантты жазушы
4. А.Байтұрсынов - фольклортанушы ғалым
5. Махамбет поэзиясындағы Исатай бейнесі
6. Б.Майлин әңгімелерінің көркемдік ерешеліктері
7. М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай бейнесі
8. М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі
9. М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы Жамал бейнесі
10. М.Жұмабаев – лирик ақын
11. М.Шаханов – ұлт мүддесін қорғаушы тұлға
12. Ж.Аймауытов романдарының көркемдік ерекшеліктері
13. А.Тоқмағамбетов-сатирик ақын.
14. Жамбыл – ұлы сахараның жыршысы
15. Абай – қазақтың кемеңгер ақыны
16. Б.Майлин – әңгіме шебері
17. Ғ.Мүсірепов шығармаларында Ана бейнесі
18. Ж.Жабаев – ұлы сахараның жыршысы
19. С.Мұқанов – өресі биік жазушы
20. М.Мақатаев поэзиясының көркемдік ерекшеліктері
21. М.Шаханов – қазақ поэзиясының ірі өкілі
22. Ф.Оңғарсынова – қазақ поэзиясының падишахы
23. Тәуелсіздік жылдардағы қазақ поэзисының даму бағыты
24. Тәуелсіздік жылдардағы ақын-жазушылардың шығармаларының көркемдік ерекшеліктері.